

Қазақстан Республикасы Конституциясы 23-бабының 2-тармағын ресми түсіндіру туралы

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің қаулысы 2000 жылғы 5 шілде N 13 /2

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі Төраға міндетін атқарушы В.Д. Шопин, Кеңес мүшелері Ж.Д. Бұсырманов, А. Есенжанов, А.К. Котов және Қ.Ә. Омарханов қатысқан құрамда, өтініш субъектісінің өкілі - Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты В.И. Макалкиннің, сондай-ақ шақырылғандардың - Қазақстан Республикасы Судьялар одағының хатшысы А.А. Рекиннің және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі комитеті төрағасының орынбасары Е.Ә. Сапаровтың қатысуымен, өзінің ашық отырысында Қазақстан Республикасы Парламенті бір топ депутаттарының Қазақстан Республикасы Конституциясы 23-бабының 2-тармағын ресми түсіндіру туралы өтінішін қарады.

Ұсынылған материалдарды зерделеп шығып, баяндамашылар Ж.Д. Бұсырманов пен А. Есенжановты, өтініш субъектісі өкілінің және басқа да отырысқа қатысушылардың сөздерін тыңдап, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мынаны анықтады:

Республика Конституциялық Кеңесіне 2000 жылғы 15 маусымда Қазақстан Республикасы Парламенті бір топ депутаттарының Қазақстан Республикасы Конституциясы 23-бабы 2-тармағының "... судьялар... кәсіптік одақтарда болмауға ... тиіс." деген бөлігін ресми түсіндіру туралы өтініші келіп түсті.

Өтініш беруге Қазақстан Республикасы Судьялар одағының қоғамдық бірлестік ретіндегі қызметі себеп болған. Өтініш субъектісінің пікірі бойынша Одақ оған біріккен Қазақстан судьяларының құқықтары мен кәсіби мүдделерін қорғау мақсатында бір мамандық иелері құрған кәсіптік одақ болып табылады. Өтініште атап өтілгеніндей, бұл, судьялар кәсіптік одақтарда болмауға тиіс деген Қазақстан Республикасы Конституциясы 23-бабының 2-тармағына қайшы келеді.

Республика Конституциясының және қолданылып жүрген заңдардың нормаларын талдай келіп, Конституциялық Кеңес мынаны негізге алады.

Республика Конституциясының 23-бабы 1-тармағына сәйкес Қазақстан азаматтарының бірлесу бостандығына құқығы бар. Азаматтардың осы конституциялық құқығы ортақ мақсаттарына қол жеткізу үшін ерікті негізде құрылған коммерциялық емес сипаттағы саяси партиялар, кәсіптік одақтар және өзге де бірлестіктер нысанындағы қоғамдық бірлестіктер құру арқылы іске асырылады. Олардың қызметі "Қоғамдық бірлестіктер туралы", "Кәсіптік одақтар туралы", "Саяси партиялар туралы"

Республика заңдарымен реттеледі.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 23-бабы 2-тармағының нормасына сәйкес әскери қызметшілер, ұлттық қауіпсіздік органдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен судьялар партияларда және кәсіптік одақтарда болмауға, қандай да бір саяси партияны қолдап сөйлемеуге тиіс. Олардың мемлекеттік органдар жүйесіндегі ерекше құқықтық мәртебесі, атқаратын функциясының және қызмет түрінің ерекшелігі осы конституциялық шектеудің қажеттігін дәлелдейді.

Конституцияның 75-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады. Судья Республикадағы сот билігінің атқарушысы болып табылады, сол үшін оған сот төрелігін жүзеге асыруға және өз міндеттерін кәсіби негізде атқаруға конституциялық өкілеттіктер берілген. Республика Конституциясының 77-бабы 1 және 2-тармақтарының нормаларына сәйкес судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады, ал сот төрелігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейді және ол заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғады.

Сонымен бірге, судьялар, мемлекеттің кез келген азаматтары сияқты, өздерінің корпоративтік мүдделерін іске асыру және қорғау мақсатында, осы бірлестіктерді сот төрелігін іске асыруға ықпал жасау үшін пайдаланбайтын болса, сондай-ақ саяси мақсаттарды көздемейтін болса, бірлесу бостандығына құқығы бар. Мұндай бірлестіктер көптеген елдерде әртүрлі сот қауымдастықтары, гильдиялары, кеңестері түрінде жұмыс істеуде.

Кәсіптік одақтардың қоғамдық бірлестіктерден, оның ішінде Судьялар одағынан ерекшелігі, олар өндірістік-салалық принцип бойынша құрылады, кәсіптік одақтардың, атқарушы өкіметтің және жұмыс берушілердің арасында қалыптасатын өзара қарым-қатынас сипаты соған орай анықталады. Өзара қарым-қатынастың мұндай ерекшелігі кәсіпшілер одақтарына олардың үкіметке және жұмыс берушіге ықпал жасайтын құралдарының болуына, олардың әлеуметтік-экономикалық қызметіне әсер етуге мүмкіндік береді. Судьялар одағы, қоғамдық бірлестік ретінде мұндай өзара қарым-қатынас принциптеріне байланысты болмайды. Сонымен қатар, оның сот ісіне араласуға құқығы жоқ, ал кәсіподақтар болса "Кәсіптік одақтар туралы" Заңның 1-бабына сәйкес өз мүшелерінің еңбек, әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін ұсыну және қорғау үшін құрылады, бұл өндірістік қызметке белсенді түрде және тікелей әсер етуіне мүмкіндік береді. Сонымен бірге, кәсіподақтар ұжымдық шарттар жасасуға, сондай-ақ жеке адамның және ұжымдық еңбек дауларын шешуге қатысады, ал бұл Судьялар одағы сияқты қоғамдық бірлестікке тән емес.

Баяндалғанның негізінде, судьялардың партияларда, кәсіптік одақтарда болуына Конституцияның 23-бабы 2-тармағының тыйым салуы олардың өзге бірлестіктерді құру және басқа қоғамдық бірлестіктерге мүше болу құқығын шектеуді білдірмейді. Судьялар одағы, кез келген басқа қоғамдық бірлестік сияқты, заңмен белгіленген

тәртіппен өз мүшелерінің мүдделерін ұсынуға және қорғауға құқылы.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабы 1-тармағының 4) тармақшасын, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығының 17-бабы 3-тармағының 1) тармақшасын, 37-бабын және 41-бабын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының 23-бабы 2-тармағының судьяларға партияларда, кәсіптік одақтарда болуына тыйым салатын бөлігін бұл ереже судьялардың өзге қоғамдық бірлестіктерде болу және Конституция мен Қазақстан Республикасы заңдары шегінде судьялар қоғамдастығының жалпы мүдделерін іске асыру және қорғау үшін осындай бірлестіктер құру құқығын шектеуді білдірмейді деп түсіну керек.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясы 74-бабының 3-тармағына сәйкес, осы қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді және шағымдануға жатпайды, Қазақстан Республикасы Конституциясы 73-бабының 4-тармағында көзделген жағдайды ескеріп, Республиканың бүкіл аумағында

жалпыға бірдей міндетті және түпкілікті болып табылады.

3. Осы қаулы республикалық ресми басылымдарда қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

Қазақстан Республикасының
Конституциялық Кеңесі
Төрағасының міндетін атқарушы

Мамандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.